

М.Мақатаев.
1950 жыл.

Мұқағали Мақатаев



*Таудай едің, таудың алып тумасы,
Нағыз қазақ едің сөздің турасы.
Қыр басында нағып шөгіп
жатырсың,
Ей, өлеңнің буырқанған бурасы!*

Жәркен Бөдешұлы



Мұқағали Мақатаев

1931 жылы 13 наурызда Алматы облысы Нарынқол, қазіргі Райымбек ауданына қарасты Қарасаз ауылында туған. Шешесі Нағима, әкесі Сүлеймен сол кездегі елдің беделді адамдары болған.



Албан-Сары-Сүйерқұл-Алжан-Сырымбет-Қангелді-Қойбас-Түке

Мұқағалидің ата-тегі

Менжі
Дәлі
Қамысбай
Мақатай
Сүлеймен

Райымбек

Мұқағали

Тоқтарбай

Көрпеш

Екі ұлы бар

Жұлдыз

Айбар



Төрт қызы бар

Ләззат

Майгүл

Алма

Шолпан





**Мұқағалидің азан шақырып
қойған толық аты-жөні –
Мұхаметқали.**

**“Пайғамбардың атын түгел
айту балаға ауыр болады”
деп әрі еркелетіп, әрі
қысқартып Мұқағали деп
атап кеткен.**



Әкесі Сүлеймен сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан. Сол себепті үй ішінің бар ауыртпалығы Мұқағалидың иығына түседі. 1948 жылы ауыл орта мектебін үздік бітіріп, Алматыға жоғары оқу орнына аттанып, зеректігінің арқасында еш қиындықсыз Қазақ Мемлекеттік Университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Бірақ орталыққа жақын аудандардың студенттеріне жатақхана берілмегендіктен, стипендиясы не тамағына, не пәтер ақысына жетпей, асыраусыз қалған үй ішінің ауыр тұрмысы оқуын әрі қарай жалғастыра беруге мүмкіндік бермей, бір жылдан соң оқуын тастап, Шибұт деп аталатын көрші ауылда ауылдық кеңестің хатшысы болып қызметке орналасады.





Комсомол мүшесі әрі жас кадр ретінде қоғамдық үгіт-насихатқа, көркемөнерпаздардың ойын-сауық жұмыстарына белсене ат салысады. 1949 жылы “Советтік шекара” газетінде екі өлеңі жарық көреді. Сол ауылда мұғалім бойжеткен қыз Лашын да үгіт-насихат, ойын-сауық жұмыстарында Мұқағалиға сенімді серік болады. “Қозы Көрпеш – Баян Сұлу” пьесасында Мұқағали – Қозы, Лашын- Баян рөлін ойнап жүріп, бірін бірі ұнатады. Сөйтіп жүріп, 1949 жылдың көктемінде екеуі үйленеді.






Қырман басында

Қызу қарқын, көңіл шат,
Шығады жарқын дауыстар.
Ұштасқан қимыл қат-қабат,
Еселенген екпін бар.

Бұлшық етті білектер,
Еңбек сүйгіш жүректер.
Жойқын күш үдей түседі,
Шыққан сайын ашшы тер....

(Бұл өлең –бала Мұқағалидың 1949 жылы қазан айының 3-і күні “Советтік шекара” газетіне жарияланған алғашқы өлеңі)





1950 жылы Шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне түсіп, оны да тұрмыс жағдайына байланысты орта жолдан тастауға мәжбүр болады. Ақын болам деген кісі заңды жете білгені дұрыс деген оймен Қазақ Мемлекеттік Университетінің заң факультетіне оқуға түседі. 1952 жылы Қ.Аманжолов құрастырған “Жастық жыры” атты жинаққа өлеңдері М.Әлімбаев, Ғ.Қайырбеков, І. Мәмбетовтермен бірге енеді. 1954 жылы ауылға қайтып өзінің туған жері Қарасаздағы орта мектепке орыс тілінен сабақ береді. Ауыл мектебіндегі мұғалімдігін дипломы бар кадр алып, Мұқағали жұмыссыз қалған соң, қалаға келіп, 1957 жылы Алматыда Республикалық радиоға диктор болып қызмет істейді. 1960-62 жылдары аудан орталығы Нарынқолда “Советтік шекара” газетінде жауапты хатшы болады.



**1962 жылы Алматы қаласына
қоныс аударып, “Социалистік Қазақстан”
газетіне әдеби қызметкер болып орналасады.
Одан Жазушылар одағында кеңесші,
“Жұлдыз”
журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі
қызметтерін атқарады.**



1964 жылы “Ильич” атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады.

- “Армысыңдар достарым!”(1966),
- “Қарлығашым, келдің бе?”(1967жылы),
- “Мавр” (196жылы),
- У,Уитмен Шөп жапырақтар (1969жылы),
- У.Шекспир “Соннеттер (1970 жылы)”

жинақтары жарық көргеннен кейін 1970 жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады.

1973 жылы Қазақстан жазушылар одағының жолдамасымен Мәскеудегі М.Горкий атындағы халықаралық әдебиет институтына оқуға барады. “Аққулар ұйықтағанда,” “Шуағым менің”, “Өмірдастан” атты кітаптары жарық көді.





Өмірінің соңғы кезінде денсаулығы нашарлап,
ауруханаға жиі түсіп жүріп,
1976 жылы 27 наурызда қайтыс болады.
Бейіті Алматы іргесіндегі Кенсай зиратында
Туған жері – Қарасазда еңселі мұражайы,
Алматыда және көптеген елді мекенде
Мұқалли
атымен мектеп, гимназиялар жарық көрді.





Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

**Мен сені сезесің бе? Неге
іздедім?**

Алауыртқан таңдардан

сені іздедім,

Қарауытқан таулардан

сені іздедім....





Мұқағалидің мұны-
табиғаттың тылсым заңдылықтары тудырған мұң секілді.

*Көктем, көктем, япыр-ай, неткен көктем,
Дүние, сен осындай көкпеңбек пе ең.
Қымырандай ашымын қырға шығып,
Еске түсіп, қайдағы өткен-кеткен.
Көп кешікпей көктемде келер енді,
Көгеретін тіршілік көгереді.
Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,
Білмеймін осы көктем не береді?*




Мұқағали Мақатаев

Мұқағали Мақатаев



Өзінің жеке құпиясын
жалпақ жұртқа жайып салған,
сонда да жұмбақ күйде қалған ақын.





Бір күндік сәуле-
Бір күндік жарық мекенім!
Мәңгілік түнек-қапасқа қалай кетемін.
Келмейді-ау тілім:
Өлгеннен сұра дер едім.
Тірі жандарға
Өмір дегеннің не екенін.
Өмір дегенге
Тірлікте, сірә, жетер ме ой,
Жарық сәуледен басқаның бәрі бекер ғой.
Бекер ғой бәрі,
Бекер ғой бәрі – бөтен ғой,
Өмір дегенің – бір күндік сәуле екен ғой!



*Жазылар естеліктер нешелеген,
Көрерміз оның бәрін пешенеден.
Әйтеуір білетінім бір-ақ нәрсе,
Көшеді өлең немесе өшеді өлең.*

